



KORKYT ATA
UNIVERSITY

<https://korkyt.edu.kz/>

SYR TÚLEGI

stydent jastar gazetі

1992 жылдың мамырынан бастап шығады

№21 (446) 31 қаңтар,
2025 жыл



ЛОНДОНДАҒЫ КЕЛЕЛІ БАСҚОСУ

Ұлыбританияның астанасы Лондон биыл «Bett Show 2025» халықаралық көрмесі аясында ерекше оқиғаларға куә болды. Қазақстан алғаш рет «Study in Kazakhstan» брендімен ұлттық павильон ретінде қатысып, өз білім беру жүйесінің әлеуетін әлемдік аренада көрсетті. Бұл еліміздің білім саласын жаһандық деңгейде ілгерілетудегі маңызды қадамдарының бірі. Қазақстандық делегацияның жетекшісі ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек елдегі жетекші университеттердің үздік жобалары мен инновациялық шешімдерін таныстырды. Аталған шараға Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры Бейбіткүл Сәрсемханқызы мен академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесі - проректор Дана Мейрамқызы да қатысты.

Қазақстандық ғалымдар мен білім беру саласының өкілдері бұл сапар барысында маңызды кездесулер өткізді. Әсіресе, Лондонда білімін жетілдіріп жүрген қазақстандық ғалымдардың өз елінің делегациясымен бас қосуы ерекше тарихи сәтке айналды. Бейбіткүл Сәрсемханқызы – «Болашақ» бағдарламасының «500 ғалым» жобасы аясында Ұлыбританияда тағылымдамадан өтіп жатқан әріптестермен жүздесуі өте әсерлі өтті. Соның ішінде Қорқыт Ата университетінің аға оқытушысы, қазіргі таңда Лондонда ғылыми тағылымдамадан өтіп жатқан Серікхан Жүзеев сынды ғалымдардың халықаралық деңгейде білімін жетілдіруі

– Қазақстан ғылымының жаңа сапалық деңгейге көтеріліп келе жатқанының айқын көрінісі. Оның айтуынша, әлемдік тәжірибені меңгеріп, ғылыми ортада байланыс орнату – болашақта Қазақстанның ғылым мен білім жүйесіне үлкен серпіліс әкелмек.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің өкілдері Лондонда бірқатар маңызды келіссөздер жүргізді. ChangeSchool ұйымының өкілдерімен өткен кездесуде қос дипломды Executive MBA бағдарламасын жүзеге асыру мәселелері талқыланды. Сонымен қатар, Саффолк университетінің ғалымдарымен білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлық себептерін зерттеу бойынша бірлескен ғылыми жоба бастау жөнінде келісім жасалды. Ливерпуль университетінің профессоры Soumyen Bandyopadhyay-мен бірге мәдени мұраны зерттеудің пәнаралық бағыттарын қамтитын халықаралық зерттеу жобасына бастама көтерілді. Бұл келіссөздер қазақстандық жоғары оқу орындарының халықаралық деңгейде серіктестік орнатудағы әлеуетін көрсетіп қана қоймай, ғылым мен білімдегі жаңа көзқарастарды ашты.

Тағы бір ерекше сәт – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің түлегі, қазір Лондонда арнайы тілші болып қызмет атқарып жүрген Ғалымжан Қарамановтың кәсіби жетістіктері – қазақстандық білімнің сапалы кадрлар даярлаудағы жоғары әлеуетінің

дәлелі. Сонымен қатар, UCL докторанты Динара Сұлтанмен болған кездесуде жоғары білім беру саласындағы жаңа идеялар талқыланып, ынтымақтастық бағыттары қарастырылды. Келелі кездесулер Қазақстанның білім беру жүйесі жаһандық деңгейде бәсекеге қабілетті екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Лондондағы бұл басқосулар қазақстандық ғылым мен білім саласының жаңа белестерді бағындырып жатқанын көрсетті. Отандық ғалымдардың әлемдік аренада мойындалуы, білімін жетілдіруі, халықаралық серіктестіктерді нығайтуы – Қазақстанды Орталық Азияның академиялық хабы ретінде қалыптастыру жолындағы маңызды қадамдар. Ұлыбритания төрінде қазақ ғалымдары бас қосып, өзара тәжірибе алмасып, жаңа ғылыми жобаларға серпін берді. Бұл – тек бастамасы. Жаңа идеялар мен білімді елге әкеліп, оны дамыту – әрбір жас ғалымның борышы. Қазақстан ғылымының әлемдік деңгейге көтерілуі жолында атқарылып жатқан жұмыстар болашақта өз жемісін беретіні сөзсіз.

Азамат Абимолда

ЖАСТАРҒА ЖАСАЛҒАН МҮМКІНДІК – МЕМЛЕКЕТТІҢ БОЛАШАҒЫН КЕМЕЛ ЕТЕДІ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Жас әрі терең білімді азаматтар – ұлтымыздың басты капиталы және қоғамдағы оң өзгерістердің қозғаушы күші» деп, үнемі жастарды қолдау мәселесін басты назарда ұстайды. Бұл жас ұрпақтың жан-жақты дамуына және алдына қойған мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндіктер ашады.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде студенттерге арналған «әлеуметтік сатылар», «әлеуметтік жобалар», мемлекет есебінен оқу мүмкіндігі, оқу ақысы, қоғамдық көлікте жүру, студенттік жатақханаға орналасу жеңілдігі мен тамақтануға өтемақы, жұмыспен қамту, кәсіпкерлікпен айналысу және шығармашылықпен, спортпен шұғылдануға мүмкіндіктер, басқа да әлеуметтік қолдаулар қарастырылған.

ЖАСТАРҒА ЖАСАЛҒАН МҮМКІНДІК – МЕМЛЕКЕТТІҢ БОЛАШАҒЫН КЕМЕЛ ЕТЕДІ



Ел Президентінің тапсырмасы бойынша жыл сайын жаңадан студенттік жатақханалар салу мәселесі біздің аймағымызда да оң шешімін табуда. Университеттің студенттік жатақханаларымен қатар, мемлекет қолдауымен жатақхана салған жеке кәсіпкерлермен де келісім-шарттар жасалған. Жатақханаға қатысты барлық өтіншітер қанағаттандырылып, 1218 білім алушы орынмен қамтамасыз етілді. Түрлі әлеуметтік санаттар бойынша оқитын студенттерге жатақханада тегін және жеңілдікпен тұруға мүмкіндіктер жасалған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес жыл сайын жастардың тегін жоғары білім алуына қолдау артып келеді. Бұл білімді әрі бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруға бағытталған нақты қадам. Университетте 2024-2025 оқу жылында 10231 білім алушы, оның ішінде 4905 жас мемлекеттік тапсырыс негізінде оқиды.

Сонымен қатар, студенттерді әлеуметтік қолдау мақсатында оқу ақысына жеңілдік жасау мәселесі де жүйелі қолға алынған. Қазіргі таңда әр түрлі санаттағы 1552 білім алушыға облыстық әкімдік, университет, демеуші ірі

компаниялар, қоғамдық қорлар мен қаржы институттары тарапынан білім гранттары мен оқу ақысын төлеуге қолдау көрсетілген.

Ел Президентінің 2025 жылдың 1 қыркүйегінен бастап білім алушылардың шәкіртақы көлемінің 2 есеге өсіру жөніндегі тапсырмасы жастар үшін қуанышты жаңалық болды. Біздің өңірде білім алудың ең басты ерекшелігі – еліміз бойынша берілетін ең жоғары шәкіртақы мөлшері. Шәкіртақының өсуі студенттерді әлеуметтік қолдаумен қатар, олардың білім алуға деген ынтасын арттырады.

Жыл сайын облыстық әкімдіктің қолдауымен әлеуметтік аз қамтамасыз етілген және қопбалалы отбасынан шыққан білім алушыларға қоғамдық көлікте жүру үшін қаржылай көмек көрсетіліп келеді. 2024-2025 оқу жылы бойынша 216 білім алушы осы мүмкіндікке ие болды.

Ата-аналарының қамқорлығынсыз жетім қалған 57 білім алушыға тамақтану үшін өтемақы және біржолғы ақшалай жәрдемақы берілді.

Президентіміздің еліміз бойынша Жасанды интеллект бағытындағы нақты тапсырмаларына сәйкес университеттің бас оқу ғимаратының жанында Жасанды интеллект базасында жұмыс атқаратын ВІС орталығының стартап коворкингі салынып, жақында қолданысқа берілді. Бұл өз кезегінде креативті жобалардың пайда болуына жол ашады.

Спорттың 11 түрінен секциялар қызмет жасайды. Атап айтқанда, шахмат, тоғызқұмалақ,

қазақ күресі, волейбол, баскетбол, футбол, үстел теннисі, бокс, пауэрлифтинг, жүзу, фитнес бағыттары бар. Университеттің 95 студенті Әлем, Азия және түрлі халықаралық чемпионаттардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері.

Кез келген студенттің оқу-тәрбие үдерісінде өзін-өзі дамытуы үшін барлық жағдайлар жасалған. Бұл бағытта 5 оқу залы, 4 электрондық оқу залы және OPEN SPACE жаңа үлгідегі кітапхана, 1 958 057 миллион кітап қоры, жаңа үлгідегі компьютерлік парк, 64 мамандандырылған оқу зертханасы, әрбір білім беру бағдарламаларының жанындағы пәндік үйірмелер, «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығының көрме залы, университеттің тарихи мұражайы, Студенттер сарайы, дыбыс жазу студиясы, «Сейхун» спорттық-сауықтыру кешені, 7 спорт залы мен 5 жазғы спорт алаңы, 7 студенттік асхана, бас оқу ғимараты жанындағы асханасы бар коворкинг орталығы, медициналық пункт қызмет етеді. Барлық оқу ғимараттарында WI-FI желісі қосылып, білім алушылардың үзіліс уақытында демалып отыруларына арнайы орындар, көңіл-күйлеріне оң әсер ету мақсатында музыкалық аппаратуралар ұйымдастырылған.

Жандос БАЗАРТАЙ,
«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры»

ҚОРҚЫТ АТА УНИВЕРСИТЕТІНДЕ БІЛІМ МЕН ДАМУҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА КЕҢІСТІКТЕР ЕСІГІН АШТЫ

Аймақтағы білімнің қара шаңырағы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде жаңа заман талабына сай екі бірдей маңызды нысан – 50 орындық заманауи асхана мен ВІС (Business Incubation Center) атты коворкинг орталығы ашылды. Бұл – оқу орнының инновациялық даму жолында жаңа биікке көтерілгенінің айқын көрінісі.



Жаңа нысандардың тұсаукесері өтті

Жаңа нысандардың ашылу салтанатына университеттің Басқарма төрағасы-ректор Бейбіткүл Каримова, Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақыт Қалиев, университеттің құрметті профессоры, техника ғылымдарының докторы Серікбай Қошқаров, сонымен қатар оқытушылар мен студенттер қатысты. Жаңа ғимарат білім алушылардың шығармашылық және академиялық өмірін жаңа деңгейге көтеруге бағытталған.

Ректор Бейбіткүл Каримова өз сөзінде университеттің білім беру мен жастардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдау саласындағы

көшбасшылық рөліне ерекше тоқталып:

- Бұл жаңа асхана мен коворкинг орталығы – білім алушылар мен қызметкерлер үшін жайлы орта қалыптастырудың, жастарды заман талабына сай дағдылармен қамтамасыз етудің нақты қадамы. Университетіміздің әр студенті өз мүмкіндіктерін толықтай аша алатын заманауи инфрақұрылымды дамыту – басты мақсатымыз, - деп, жаңа нысандардың маңыздылығын атап өтті.

Асхана бір уақытта 50 адамға қызмет көрсетеді және заманауи стандарттарға сай жабдықталған. Студенттер мен қызметкерлер мұнда сапалы әрі пайдалы тағамдармен ғана емес, ыңғайлы әрі тыныш атмосферада демалуға және жұмыс істеуге мүмкіндік алады. Жайлы интерьер мен мұқият ойластырылған дизайн оқу процесінің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Инновация мен шығармашылықтың жаңа алаңы

ВІС коворкингі – технология мен кәсіпкерлікке құмар жастар үшін ерекше мүмкіндік. 500 шаршы метр аумақты қамтитын бұл орталықта IT, инновация және жасанды интеллект бағытындағы жобаларды жүзеге асыруға арналған ең заманауи құралдар бар. Коворкинг орталығында қуатты 35 компьютер, LED және интерактивті панельдер, жоғары жылдамдықтағы интернет, сондай-ақ конференц-зал мен ашық жұмыс кеңістігі орналасқан.

Бұл орталықтың басты мақсаты – жастарды технологиялық кәсіпкерлікке баулып, олардың идеяларын жүзеге асыруға қолдау көрсету. Мұнда GameDev Center, Digital Creativity және Hardware сынды бағыттар бойынша жұмыс

істеуге мүмкіндік бар. Сондай-ақ, спортқа құмар жастар үшін арнайы CyberSport аймағы да жабдықталған.



ВІС-тің ашылуына ерекше қуанышты болған студенттердің бірі, IT бағытының білім алушысы Ерсұлтан Зкрия орталықтың маңыздылығын атап өтті: “Бұрын біздің өңірде мұндай деңгейдегі инновациялық орталық болмаған. Енді біз өз идеяларымызды жүзеге асырып, стартап жобалармен айналыса аламыз. Мұндай мүмкіндік әрбір жас үшін үлкен сый деп білемін.”

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде ашылған жаңа асхана мен ВІС коворкинг орталығы – оқу орнындағы үлкен өзгерістердің бастауы. Мұндай нысандар тек студенттердің білім алуына ғана емес, олардың шығармашылық дамуына, өз әлеуеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл жаңалық өңірдегі жастар үшін үлкен серпін болады деген сөзсіз. Озық идеялар мен бастамаларды қолдай отырып, университет алдағы уақытта да Қазақстанның білім беру саласындағы көшбасшы рөлін нығайта беретіні анық.

Азамат Саматұлы

«СЕРГЕКТІК ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ – 2025» СПАРТАКИАДАСЫ ҰЖЫМДЫҚ РУХТЫ АСҚАҚТАТТЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде биылғы «Сергектік және денсаулық – 2025» дәстүрлі спартакиада-сы жоғары деңгейде ұйымдастырылып, ұжым арасындағы бірлік пен ынтымақтың символына айналды. Университет қызметкерлерінің спортқа деген қызығушылығы мен белсенділігі тағы да бір паш етілді. Биылғы жарысқа профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерден құралған 6 команда қатысып, 5 күн бойы спорттың 9 түрінен бақ сынады.

Бірлік пен бәсеке

Спартакиада тек спорттық бәсеке ғана емес, әріптестер арасындағы достықты нығайтудың, салауатты өмір салтын дәріптеудің керемет аланы болды. Бұл іс-шараға қатысу арқылы ұжым мүшелері күнделікті жұмыс қарбаласынан алшақтап, жаңа қырларын аша білді.

Жарыстың алғашқы күні жүзу және футболдан басталды. Жүзу сайысында ерекше қарқынмен көзге түскен Жаратылыстану институты I орынды жеңіп алса, екінші орынды Ректорат командасы иеленді. Ал Педагогика және дәстүрлі өнер институты үшінші орынға тұрақтады. Футзал бәсекесі де аса тартысты өтті. Жеңіс тұғырынан Ректорат командасы көрініп, Жаратылыстану институты екінші орынды, ал Гуманитарлық-педагогикалық институт үшінші орынды қанағат тұтты.

Спартакиаданың екінші күні шахмат пен волейбол сайыстарымен жалғасты. Шахмат ойынында Гуманитарлық-педагогикалық институт I орынды қанжығасына байлады. Волейбол жарысында Жаратылыстану институты үздік деп танылса, Ректорат командасы екінші орынға ие болды. Экономика және құқық институты үшінші орынды еншіледі.



Үшінші күні пневматикалық мылтық ату және ерлер арасында волейболдан жарыстар ұйымдастырылды. Мылтық ату сайысында Инженерлі-технологиялық институт I орынды иеленсе, Гуманитарлық-педагогикалық институт екінші орынды, ал Педагогика және дәстүрлі өнер институты үшінші орынды жеңіп алды. Ерлер волейболынан Ректорат командасы көш бастады.

Жеңіске жетелеген спорт

Жабылу салтанатында Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Жандос Базартай жарыстың маңыздылығына тоқталып, университет ұжымының спортқа деген құлшынысын ерекше атап өтті:



“Бұл жарыс ұжымдық бірлікті нығайтып қана қоймай, университеттің салауатты өмір салтын дәріптеудегі көшбасшылығын көрсетті. Әр қатысушы жеңіске деген ұмтылысын, жігерін және спортқа деген шынайы қызығушылығын танытты. Мұндай шаралар тек жарыс емес, ұжымдық мәдениетті қалыптастырудағы үлкен қадам” – деді ол.

Жарыстың бас жүлдегері атанған Жаратылыстану институтының капитаны Нұрлыбек Ахатаев:

“Жеңіс біз үшін өте маңызды болды. Команда мүшелерінің ауызбіршілігі мен өзара қолдауы арқасында осындай нәтижеге жеттік. Мұндай жарыстар бізді жаңа белестерге жетелейді,” – деп, әсерімен бөлісті.

Ал шахматтан үздік шыққан Гуманитарлық-педагогикалық институтының ұстаздары: “Бұл жарыс бізге ерекше мотивация сыйлады. Әріптестермен жақын араласып, жаңа достар таптық. Спорт – тек жарыс емес, ол жаңа мүмкіндіктердің бастауы екенін түсіндік,” – деп атап өтті.

Бес күнге созылған бәсекеңің қорытындысы бойынша жалпы командалық есепте Жаратылыстану институты I орынды, Гуманитарлық-педагогикалық институт II орынды, Ректорат командасы III орынды иеленді. Үздік ойыншылар мен ардагер спортшылар арнайы номинациялармен марапатталып, ұйымдастырушылар тарапынан естелік сыйлықтар табысталды.



Сонымен қатар, жарысқа белсенді қатысқан ұжымдардың ынтымағы мен ұйымшылдығы үшін «Ең белсенді команда», «Ең ұйымшыл команда» сынды номинациялармен атап өтілді.

Үздік болу – басты мақсат

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті ұжымдық мәдениет пен салауатты өмір салтын дамытуға бағытталған мұндай шараларды алдағы уақытта



да ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Спартакиаданың басты нәтижесі – ұжымның жаңа серпін алуы, бір-біріне деген сенімі мен құрметінің артуы. Әр қатысушы үшін бұл жарыс – тек физикалық шыңғу ғана емес, рухани демалыс пен өз мүмкіндіктерін саралайтын бірегей алаң болды.

Спорт ұжымдық рухты қалыптастырудың, жаңа биіктерге жетудің, ынтымақтастықты нығайтудың таптырмас жолы. Сондықтан университет басшылығы мұндай іс-шараларды алдағы уақытта да дәстүрлі түрде жалғастыра бермек.

«Сергектік және денсаулық – 2025» спартакиада-сы университет ұжымына тек жарқын естеліктер қалдырмай, олардың денсаулығы мен рухани байланысын нығайтуға зор үлес қосты. Бұл шара – университет үшін ғана емес, өмірдегі салауатты өмір салтын насихаттау ісіне қосылған қомақты үлес.

Азамат Саматұлы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде демеушілер есебінен жиырманшы жаңа дәрісхана ашылды

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде Математика және колданбалы механика кафедрасының ардагер ұстазы, механика саласының майталманы Меңдіғара Жолымбетов атындағы дәрісхананың ашылуы және «Теориялық механика» оқу құралының тұсаукесері өтті.

Меңдіғара Бейсінәліұлы – 1945 жылы 22 қаңтарда Қызылорда облысының Қазалы станциясында дүниеге келген. 1974 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің механика-математика факультетін «Механика» мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын Қызылорда политехникумында «Теориялық меха-



ника» пәнінің оқытушысы ретінде бастады. 1976-2001 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде аға оқытушы қызметін атқарып, көптеген шәкірт тәрбиеледі.

Ол 30-дан астам ғылыми және әдістемелік мақаланың, «Теориялық механика» пәні бойынша екі оқу құралының және оннан аса оқу-әдістемелік құралдың авторы.

Салтанатты шараға зиялы қауым өкілдері, ғылыми кеңес мүшелері, профессор-оқытушылар құрамы, ардагер ұстаздың әріптестері мен шәкірттері және отбасы мүшелері қатысты. Дәрісхананың лентасын ректордың міндетін атқарушы Майнұр Бөрібаева, Меңдіғара Жолымбетовтың жары Гүлзада Өтегенова және «Тұран-Астана» университетінің профессоры Орақ Әлиев қиды.

Сонымен қатар, «Математика және колданбалы механика» кафедрасының профессоры, техника ғылымдарының докторы Бақытжан Жанмолдаев «Теориялық механика» оқу құралының тұсаукесерін өткізіп, мазмұны мен маңыздылығын атап өтті. Шара барысында Меңдіғара Жолымбетовтың ұлы Серік Жолымбетов «Қорқыт Ата атындағы Алтын медалімен» марапатталды.

KORKYT ATA UNIVERSITY: «ҚЫСҚЫ МЕКТЕП» ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде «Академиялық үдерістегі Жасанды интелект» тақырыбында 72 сағат көлемінде біліктілік арттыру курсы ұйымдастырылды.

Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығы мен Жасанды интелект институтының ұйымдастыруымен өткен іс-шара AI-дің академиялық үдерістер мен ғылыми жұмыстардағы рөліне байланысты маңызды мәселелерді қамтыды. Өсіресе, жасанды интелектің тиімді әрі этикалық қолданылуы, оның академиялық жазбалардағы ықпалы және плагиаттың алдын алу үшін қолданылатын жаңа технологиялар маңызды орын алатыны өмір шындығы.

Сондай-ақ, «Қысқы мектеп» аясында плагиатқа қарсы StrikePlagiarism.com жүйесінің эксперти Ақмарал Кужиева өз тәжірибесімен бөлісуде.

Құрстың мақсаты – қатысушыларға академиялық жұмыстарда жасанды интелекті дұрыс қолдану туралы білім беру, сонымен қатар, плагиатпен күрес және ғылыми этиканы сақтау жолдарын таныстыру.

Жиынға оқу орнының бөлім басшылары, институт директорлары, БББ жетекшілері, профессор-оқытушылар құрамы, докторанттар мен магистранттар қатысты.



«DEVELOP TO SHINE» ЖОБАСЫ ОҢ НӘТИЖЕ БЕРУДЕ



Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Психологиялық қолдау орталығында «Қызметкерлердің эмоционалды күйіп жанудың профилактикасы» тақырыбында оқу орны қызметкерлеріне арналған тренинг өтті.

«Психологиялық тренингке 8-15 қаңтар аралығында университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлері қатысты. Мұндай іс-шаралар адамның жеке және кәсіби дамуына айтарлықтай әсер етеді. Олар адамның әлеуетін ашып, қоғамдағы өз орнын табуға, жеке тұлғалық өсуге және кәсіби жетістіктерге жетуге ықпалы зор. Алдағы уақытта жыл сайын дәстүрлі түрде өткізу жоспарлануда»-деді Психологиялық қолдау орталығының жетекшісі Құралай Иманалиева.

Психологиялық тренинг — адамның жеке тұлғалық дамуын, эмоционалды интелектін және қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге бағытталған іс-шара. Мұндай тренингтер адамның өз-өзімен жұмыс істеуіне, ішкі ресурстарын ашуға және өмірдегі қиындықтармен тиімді күресуге көмектеседі.

ШЕТЕЛДІК ҚАНДАС БІЛІМ АЛУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде шетелден келген қандас білім алушылармен кездесу өтті.

Кездесуде қандас студенттерге арналған бірқатар мәселе талқыланды. Шетелден келген қандас студенттердің құқықтары мен міндеттері, Қазақстанға келгеннен кейінгі тіркеу, визалық құжаттарды рәсімдеу, көші-қон заңнамалары мен шарттары туралы айтылды.

Шетелден келген студенттерге бейімделу процесінде психологиялық қиындықтар туындауы мүмкін. Бұл мәселені шешу мақсатында университет тарапынан психологиялық көмек көрсету, бейімделу топтары мен тренингтер өткізу ұсынылды.



Кездесу барысында шетелдік студенттердің медициналық қызметтерге қолжетімділігі, медициналық сақтандырудың маңыздылығы және денсаулық сақтау саласында қандай құқықтары мен міндеттері бар екені туралы ақпарат берілді. Бұдан бөлек, мәдени және әлеуметтік бейімделуіне ықпал ету мақсатында университетте арнайы іс-шаралар ұйымдастырылатыны, мәдениетаралық коммуникацияны дамыту үшін түрлі тренингтер мен қоғамдық іс-шаралар өткізілетіні туралы хабарланды.

Жиынға Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Жандос Базартай, Көші-қон қызметі басқармасы басшысының орынбасары, полиция полковнигі Сағындық Увайдуллаұлы және көші-қон қызметі басқармасының сыртқы көші-қон бөлімінің инспекторы, полиция капитаны Ғабит Әмитұлы мен Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары басқармасының бас әдіскері Алтынай Мұстафаева, Психологиялық қолдау орталығының жетекшісі Иманалиева Құралай, Медициналық орталық маманы Гүлнар Есмаханова және Халықаралық байланыстар бөлімінің маманы Жәнібек Қалмағанбет қатысты.

Кездесу шетелден келген студенттердің білім алу сапасын арттыруға, Қазақстанға бейімделу процесін жеңілдетуге және құқықтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған.



ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ – ҒАЛЫМДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Біз өз оқырмандарымызды Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ғалымдарымен, халықаралық ғылыми тағылымдамалардың қатысушыларымен таныстыруды жалғастырамыз. Бүгін біз Ұлыбританиядағы Реддинг университетінде тағылымдадан өтіп жатқан «Болашақ» бағдарламасы аясында Есенжол Асылбекұлы Назаровпен әңгімелесеміз.

студенттерге арналған бағдарламаны әзірлеу мәнінде оқу мәнері, оқу қиындықтарының болуы және оқыту әдістеріне артықшылық беру сияқты факторларды ескеру маңызды. Осы жеке мінездемелерді түсіну инклюзивті және бейімделген оқу бағдарламаларын құруға мүмкіндік береді.

- Реддинг университеті – көп жылдық тарихы бар әлемге әйгілі оқу орны. Ол жеке Сіз

басқа елдердің ғалымдарымен біз білім берудегі теңсіздік факторларын зерделеуге және жоюға жәрдемдесуге тырыстық.

Бастапқыда білім берудегі проблемаларды анықтап, оларды ғылыми зерттеулер арқылы шешу қажет болды. Ол үшін біздің команда сабақ беруді, оқытуды және кәсіби тәжірибені жақсарту жолдарын зерттеді және білім беру саласындағы көшбасшылықты қолдау стратегиялары мен жүйелерін әзірледі және енгізді. Сонымен қатар, білім беру саясаты мен оқу жоспары немесе қаржыландыруды үлестіру сияқты шешімдер талқыланды.

Содан кейін команда «STEM білім берудегі жасанды интеллект» тақырыбындағы зерттеу аясында тер төкті. Бұл кезеңде біз жұмысты стенттік баяндама, постер түрінде қысқаша ұсыну тапсырмасын орындадық. Профессор Д. Йоттың басшылығымен біз бакалавриат студенттерінің дағдыларын дамытуда жасанды интеллектті қолдану саласындағы әдіснаманы зерттеуде берік нәтижелерге қол жеткіздік.

Негізгі оқу үдерісі дәріс форматында ұйымдастырылды, сабақтардың көпшілігі шеберлік сыныптары, семинарлар, дәрістер мен тренингтер түрінде өтті. Кейбір сабақтар практикалық сипатта болды, мысалы, бағдарламалау, командалық жұмыс, топтағы көшбасшылық және т. б. Мұнда ашық ауада сабақ өткізу іске асырылады. Барлық жерде достық, ашықтық және өзара әрекеттесуге деген ұмтылыс сезіледі.

Бұл құнды тәжірибе мен үшін ғалым ретінде ғана емес, сонымен қатар халықаралық білім беру және мәдени алмасудың бір бөлігіне айналған қарапайым қазақстандық ретінде де маңызды.

- Қазақстанға оралғанда халықаралық тәжірибенің қалай пайдалануды жоспарлап отырсыз?

- Мемлекетіміз бен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің басшылығы бізге «500 ғалым» бағдарламасы бойынша ғылыми тағылымдамадан өтуге және әлемнің үздік университеттері мен ғылыми зертханаларында зерттеулер жүргізуге бірегей мүмкіндік берді. Әрине, тағылымдама ғылыми, ғылыми-техникалық кадрлардың біліктілігін арттыруға бағытталған. Тағылымдама нәтижесінде мен орнықты даму мақсаттарын, көшбасшылықты түсінуді кеңейтуді, климаттық білім туралы хабардарлықты ескере отырып, білім беру бағдарламаларын басқару және әзірлеу саласында кәсіби дағдыларды арттыруға қол жеткіздім. Осы жана технологиялардың барлығы менің Қазақстандағы күнделікті оқытушылық жұмысыма және зерттеу қызметімде пайдаланысқа не болады.

Әрбір ғалым жетістікке жетуге, әлемдік ғылыми қоғамдастықта танылуға және өз көкжиегін кеңейтуге ұмтылады. Халықаралық тағылымдама – бұл ғалымның, жалпы әртүрлі елдердің ғылыми қауымдастығының ғылыми мансабын дамытудың үлкен мүмкіндігі. Бұл сонымен қатар кәсіби байланыстар мен құзыреттіліктерді одан әрі кеңейтуге ықпал ететін тілдік дағдыларды жақсарту мүмкіндіктері. Жалпы, тиімді халықаралық тағылымдама ғалымдар мен университеттердің, сондай-ақ біз тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттердің бөделін және халықаралық танылуын арттырады.

- Қызықты әңгімеңізге көп рақмет.

**Әңгімелескен Назерке ШАРАПАДДИН,
“Медиа орталық” жетекшісі**



- Есенжол Асылбекұлы, біз Сіздің зерттеуіңіздің негізгі міндеттерінің бірі ерекше қажеттіліктері бар студенттер үшін білім беру бағдарламасын құру екенін білеміз. Неліктен сізді дәл осы тақырып қызықтырды?

- Инклюзивті әдістерді әзірлеу және енгізу – бүгінгі таңда көптеген елдердің ғалымдары алдына қойып отырған міндет. Сондай-ақ Қазақстан білім беру үдерісінде қоғамның барлық әлеуметтік кедергілерін жоюға ұмтылады және ерекше қажеттіліктері бар студенттерге тиісті қолдау көрсету үшін ғылым өкілдеріне әлеуметтік және этикалық жауапкершілік жүктейді. Реддингте оқу маған өз білімімді қолдануға ғана емес, сонымен қатар инклюзивті білім берудің маңыздылығын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Мен түрлі іс-шараларға, жиналыстарға, ғылыми конференцияларға қатыстым, онда әріптестеріммен бірге өзекті мәселелерді талқылап, шешу жолдарын таптық. Бұл тәжірибе менің ой-өрісімді едәуір кеңейтті және командалық жұмыс пен коммуникация дағдыларымды дамытуға көмектесті.

Мұнда мен инклюзивті білім беру бағдарламасын әзірлеуге байланысты нақты жобаға қатысуға мүмкіндік алдым, оған қатысу тәжірибесі маған теориялық білімді практикада қолдануға, сондай-ақ инклюзивті білім берудің маңызды аспектілерін тереңірек түсінуге бірегей мүмкіндік берді. Жоба бойынша жұмыс әртүрлі мамандармен: оқытушылармен, психологтармен және әкімшілермен бірлесіп әрекет қылуға мүмкіндік берді. Мен әр студенттің жеке қажеттіліктерін ескеру және олардың табысты оқуы мен дамуына жақсы ықпал ететін бағдарламаларды әзірлеу қаншалықты маңызды екенін көрдім. Бұл тәжірибе маған стратегиялық жоспарлаудың маңыздылығын ғана емес, сонымен қатар білім беру жобаларын басқару үдерісінде икемділік пен бейімделудің қажеттілігін үйретті.

Әрбір студент бірегей және олардың қажеттіліктері айтарлықтай айрықша болуы мүмкін. Мысалы, ерекше қажеттіліктері бар

үшін несімен есіңізде қалады?

- Дұрыс айтасыз, бұл жүргізіліп жатқан зерттеулердің сапасы мен оқытудың жоғары деңгейінің арқасында бүкіл әлемге танымал көрнекті оқу орны. Университет 1892 жылы өнер және ғылым колледжінің негізінде құрылды. Бұрын оқу орны Оксфорд университетінің құрамына кіретін, бірақ 1926 жылы университетке автономды университет мәртебесін растайтын Корольдік грамота берілді.

Қала Лондонға жақын, көптеген адамдар қала атауын «reading» - «оқу» сөзімен шатастырады, бірақ олай емес, бұл атау англо-саксондық «Readingas» тайпасынан шыққан. Бұл тыныш, жайлы саябақтары бар, қысқа, жылы жазы және ұзақ, желді қысы бар ескі қала. Кейде желді күндер біздің Қызылорда ауа-райын еске салады. Реддинг университеті әлеуметтік өзгерістерді жүзеге асыруда академиялық шекараларды кеңейтуде үлкен нәтижелерге қол жеткізгенімен де танымал. 2018 жылғы жаһандық университет рейтингінде Реддинг университеті әлемдегі ең үздік 200 жоғары оқу орындарының қатарына қосылды. Бұл өте үлкен жетістік.

Жоғарыда айтқанымдай, университетте біз нақты жобамен жұмыс істедік, ғылыми жобалық топ құрдық, оның құрамына Қазақстан Республикасының түрлі жоғары оқу орындарының 6 профессоры кірді. Бірінші кезеңде зерттеушілер тобы «Білім берудегі менеджментті іске асыру шеңберіндегі гендерлік теңдік идеологиясы» тақырыбында жұмыс істеді. Біз негізгі гендерлік архитектураны құру, басым нәтижелерді анықтау, үлгілі модельдерді кезең-кезеңімен енгізу және білім беру бағдарламаларын интеграциялау мақсатын көздедік. «Гендерлік алшақтық», біз түсінетініміздей, революциялық техникалық дағдыларды қажет ететін секторларда болуы ықтимал. Біздің елімізде ғана емес, бүкіл әлемде алаңдаушылық тудыратын әлеуметтік-экономикалық, мәдени-психологиялық, қоғамдық-саяси мәселелердің тұтас кешені бар. Бұл сонымен қатар жоғары мектеп пен ғылым жайлы. Қазақстандық әріптестермен және

ЖЕТІСТІККЕ ТОЛЫ ЖЫЛДАР ІЗІМЕН

Әрбір түлек – университет тарихындағы жарқын парақ. Олардың табысты өмір жолы, кәсіби өрлеуі мен ерен еңбегі біздің мақтанышымыз ғана емес, кейінгі буынға бағыт-бағдар. Олар – жылдар бойы жинаған білімнің, еңбекқорлық пен армандарға адалдықтың жарқын үлгісі. «Алдыңғы толқын» айдарының үшінші шығарылымын ұсынамыз. Әдеттегідей түлектеріміз біздің бірнеше сауалға жауабын берді. Сол себепті құрметті студенттер, мұқият оқып шығыңыздар!



Мария Умарова, облыстық «Quyzylorda» телеарнасының арнайы тілшісі: «Бәріне бірдей үлгерем деп, ешқайсысына толық жете алмайсың»

- Университет сіз үшін қандай мүмкіндіктер ашты?

- Жалпы алғанда, университетте оқу – өмірімдегі ең тамаша кезеңдердің бірі болды. Алғаш рет өз бетіммен шешім қабылдаған, жаңа өмірге аяқ басқан күндерім әлі есімде. Мұғалімдер мен топтастармен тығыз қарым-қатынас орнатып, көптеген жаңа білім мен жаңалық аштым. Біздің буынға «Орыс тілі мен әдебиеті» кафедрасының аңызға айналған ұстаздары – Ольга Ивановна Бурматова, Ирина Никифоровна Драгун, Надежда Емельяновна Шумейко, Любовь Николаевна Орлова және басқа да оқытушылармен білім алу бақыты бұйырды деп ойлаймын.

Жеке өзіме бірінші курстан бастап филология ғылымдарының кандидаты Гүлнәр Уәлиевна Тұралиеваның назарына іліккенім сәтті болды. Оның окказионалдық сөзжасам туралы дәрістерін қатты жақсы көрдім. Ғылыми жобамды осы тақырыпта қорғап шықтым. Керемет ұстаздарымыз бізді түрлі ғылыми және қоғамдық жұмысқа, байқауға, конференцияға, олимпиадаға белсенді араластырды. Осының арқасында халықаралық ғылыми конференцияларда бірнеше рет баяндама жасадым, Президенттік стипендия алдым, тіпті Ресейдегі педагогикалық олимпиадаға да қатыстым.

- Оқу барысында сіз өміріңізде және жұмысыңызда көмектесетін қандай қасиеттерді дамыттыңыз?

- Жалпы, университетке тек диплом алу үшін емес, білімді жүйелеу мен өз бетімен оқуды үйрену үшін барады деген пікір бар. Университетте, сонымен қатар, қарым-қатынас жасауды, келісімге келуді, бастамашыл болуды және күрделі жағдайларда стандарттан тыс шешімдер табуды үйренесің. Бұл – табысты мансап үшін қажет soft skills дағдылары.

Сонымен бірге, шешендік өнер, командада жұмыс істеу және өзін-өзі таныстыру қабілеті де өте маңызды. Бұл дағдылар кез келген салада пайдалы болады.

Ең бастысы – мүмкіндіктерді көре білу, жаңа нәрселерден қорықпау және жалқаулыққа бой алдырмау. Мысалы, мектепте оқып жүргенде де, университетте де, менің тіл меңгерудегі қабілетімді естіп, көп адамдар көмек сұрап келетін. Бірінші курста-ақ жоғарғы курс студенттеріне дипломдық жұмыстарын жазуға

көмектестім. Бұл маған дипломдық жобаны қалай дайындау керектігін, теориялық материалды қайдан алуды үйретті.

- Студенттерге қай кәсіби дағдыны қазірден бастап дамытуға кеңес берер едіңіз?

- Меніңше, қазіргі студенттер өздеріне қандай дағдылар қажет екенін жақсы түсінеді. Олар оқу мен жұмысты қатар алып жүруде. Менің жеке кеңесім – пайдалы байланыстар орнатуға назар аудару. Бүгінде нетворкинг – байлықтың бір түрі, әрі ол ешқашан құнын жоғалтпайды.

- Университетте сізге берілген ең маңызды кеңес қандай еді және ол сізге қалай көмектесті?

- Бізге жақсы білім беріп қана қоймай, өмірлік тәжірибесімен жиі бөлісіп, дұрыс бағыт сілтеген ұстаздарымыздың болғаны рас. Олардан алған кеңестер өте көп, егер бәрін еске түсірсем, тұтас кітап жазуға болады. Бірақ маған ерекше есте қалған кеңесті Гүлнәр Уәлиевна айтқан еді. Диплом жұмысын жазу барысында мен барлық жерден материал іздеп, бәрін камтуға тырыстым. Сол кезде ол: «Бәріне бірдей үлгерем деп, ешқайсысына толық жете алмайсың. Өзіңе бір кішігірім «бақша» таңда, соны күтіп-бапта, сол арқылы жетістігіңді көрсет», – деді.

Бұл кеңес қазіргі өміріме де сәйкес келеді. Қазір әлемде қаншама нәрсе болып жатыр, әр салада үлгерім келеді. Бірақ кейде өзімді тоқтатып: «Маған осы шағын «бақшам» жеткілікті, оны барынша тиімді пайдаланайын, қалғаны күте тұрады», – деп өзімді сабырға шақырамын.



Бекенова Айнур Ерталапқызы, «Orda» жерары колледжінің әдіскері: Білім алған оқу орным – менің мақтанышым!

- Университет сіз үшін қандай мүмкіндіктер ашты?

- Мен каламыздағы 100 жылдық тарихы бар И.Әбдікәрімов атындағы аграрлық-техникалық колледждің түлегімін. Аталған оқу орнын бітіріп, қолыма дипломды алған соң, 1997 жылы Сыр еліндегі іргелі оқу орны Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-нің Инженерлік-экологиялық факультеті бойынша «Қоршаған ортаны инженерлік қорғау» мамандығында оқып, білім алдым.

Оқуға түсуімнің өзі бір оқиға, менің тұлға болып қалыптасуыма зор әсер еткен нәрсе: жасымнан өз айтатынымын, баян-домбырада ойнап, белсенді болуым еді. Сол жылы университет ректоры Қ.А.Бисенов тәрбие бөлімінің басшысы С.Б.Бахтиярұбаға, Студенттер сарайының директоры Ж.Елкеевке абитуриенттер арасынан өнерлі жастарды таңдауға тапсырма берді. Біз оқуға түскеннен кейін өнерпаздар тобын құрылды. Б.А.Шобдарбаев, Ғ.З.Якияев секілді ағайларымыз құрылған топтың өнерлі студенттерін түрлі шараларға қатыстыра отырып тәрбиелеп, концерттік бағдарламаларға дайындап, біздерді шыңдай түсті. Ол кездегі деканым А.Ә.Шомантаев болатын, кейін, Т.Қ.Қарлыханов, С.А.Монтаев болды. Бұл кісілердің де менің студенттік өмірімнің керемет өтуіне, өмірлік жолым-

да тәжірибелі маман болып қалыптасуыма қосқан үлестері өте мол. Үнемі қолдау білдіріп, жоспарларымызды жүзеге асыруда көмегін аямайтын. Әсіресе, студенттердің өзін-өзі басқаруы жаңа белең алып жатқан тұста өз факультетімің студенттік деканы болып сайлануым, профессор-оқытушылар құрамымен қоян-қолтық жұмыс жасауым осы кісілердің арқасы деп айта аламын.

Жастар ісі жөніндегі комитет құрылып, төрағасы Е.А.Назаровтың команда-сында 9 факультеттің студенттік декандары және белсенді көшбасшылар: Г.Жақсылықова, Ғ.Байұлы, Ғ.Айдарбеков, М.Рсалиев, А.Ерболатқызы, Е.Төлендиев, Е.Алданазаров, М.Базарханова, Н.Аппазов, У.Ибраев, Г.Жәмішева, А.Абдуллаева, А.Мадиев, Н.Құлмырзаев, С.Төлеқовалар секілді белсенділер бір-бірімізбен танысып, тәжірибе алмасып, мемлекеттік жастар саясатын дамытып, жастардың қоғам өміріне қатысуына ынталандыруда үлесімізді қосып, алтын түлектер деген медальдарды тағуымыз – оқу бітіргеннен кейін үлкен мүмкіндіктерге жол ашты. Білім ордасының қабырғасында жүргенде студент болсақ та, кішігірім өзімізше танымал болып, ал сол танымалдығымыз кейін жұмысқа орналасуда үлкен септігін тиігізді. Сондықтан оқу орнын бітірген соң, «Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институтында тәрбие саласы бойынша «Тәрбие және мәдени көпшілік жұмыстар жөніндегі» бөлім меңгерушісі, «Ақмешіт» колледжінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ретінде жұмысқа орналастым. Айтылған салада 15 жылға жуық қызмет жаздым. Қазіргі таңда «Orda» жоғары колледжінің әдіскерімін. Бұл мен үшін расында да Қорқыт Ата университетінің маған берген үлкен мүмкіндігі деп есептеймін.

- Оқу барысында сіз өміріңізде және жұмысыңызда көмектесетін қандай қасиеттерді дамыттыңыз?

- Білім алған оқу орным – менің мақтанышым деп ауыз толтырып айта аламын! Бала кезімізден бастап биік-үлкен ғимараттардан қолдарына кітаптарын ұстап шығып келе жатқан студенттерге, профессор-оқытушыларға, ағай-апайларға қызығушы едік. Кейін өзіміз өзгелер қызығып та, қызғанып та қарайтын, кез келгеннің қолы жете бермейтін үлкен оқу орны – Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-нің студенті атандық. Көптеген еліміздің көшбасшысы болып жүрген танымал адамдардың ізін басып, ғылым қуып, техника және технология ғылымдарының магистрі дәрежесін алдық. Бұл таңдауыма бірде бір рет өкінген емеспін. Жан-жақты білім, қызықты студенттік шақ, әртүрлі концерт, олимпиада, студенттік білімге қызығушылығын арттыратын түрлі іс-шаралар, мұның барлығы сөзсіз студентті алға жетелейді. «Жаста оқыған оқуың – тасқа жазғанмен бірдей» дегендей қатарластарымызбен жарыса оқып жүріп, барлығына үлгеруге тырыстық. Яғни жауапкершілік, команда құра білу, оны алып жүру, ауызбіршілік, үнемі алда болу, тапсырылған жұмысты, артылған сенімді ақтап шығу, сол жолда аянбай құлшыныспен уақытпен есептеспей іздене отырып, қалайда жетістікке жету – міне, менің университетте жүріп дамытқан, өмірімде және жұмысымда көмегі көп тиген қасиеттер!

**Пікірлерді жинаған
Маржан БАЗАРХАНОВА**

ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТКЕН – ДӨҢГЕЛЕК

Адам баласы сана күші мен табиғатты тануға, құштарлығына байланысты ұдайы, үздіксіз дамып отырды. Сондай дамудың бір дәлелі – дөңгелек.

Дөңгелектің адамзат тарихындағы рөлін асыра бағалау мүмкін емес. Дөңгелектен қарапайым не болуы мүмкін? Дегенмен, адамдар бұл жаңалыққа мың жылдан астам уақыт жұмсаған.

Біз көріп жүрген, көзімізге үйреншікті дөңгелек бірден дөңгелек қалыбына түскен жоқ. Барлығына уақыт куә. Тарихқа зер салсақ дөңгелектің пайда болуы, жәй бөрене ағаштан шығады. Атқаратын қызметіне байланысты ежелгі адамдар затты тасымалдау үшін бөренелерді жерге төсеп затты сырғытып отырған.

Бұл әдістер ежелгі «Пирамидалардың» салынуында қолданған деседі. Бастапқыда 2 тонналық ауыр тастарды итермес бұрын құмға су сепкен, содан соң, құмды ылғалдандырып, тығыз жағдайға келтіріп, тастарды шанада тасыған. Кей зерттеулерде, тастың астына бөрене қойып жылжитқан деген деректер кездеседі. Адам күші жетпеген жерде, адам айласы жеткен ғой. Осылай ауыр-ауыр тастарды жылжитып арқылы биік ғимараттар салынған.

Константинопольді аларда да дәл осы әдіс қолданғаны белгілі болды. Сұлтан II Мұраттың мұрагері сұлтан II Мехмед Константинопольді 2 ай бойы 200 мың әскерімен қоршауға алады. Қаланы алу оңайға түспеген. Сұлтан Мехмед Еуропа жақтан қорған болатын қамал сала бастайды. Қамал Босфор бұғазының ең тар тұсына – Азия құрлығындағы Баязит сұлтан

кезінде салынған қамалға қарама-қарсы тұрғызылады. Осылайша, екі қамалдың арасын 660 метр ғана бөліп тұрады. Осындай тактикалық қадам арқылы сұлтан теңізден өтетін кемелерді толықтай өз бақылауына алады.

Сұлтан бұдан бөлек түрлі санаттағы кемелер жасатып, флотты күшейтеді. Себебі, Константинополь – теңізге жақын, түбекті қала. Оған теңіз арқылы ғана жету-ге болады. Сұлтан кемелерінің саны соғыс қарсаңында 400-ге дейін жетеді. Мехмет Фатих Константинопольді құрлық жағынан 250 мың әскермен, теңіз жағынан 420 кемемен қоршауға алады. Қаланың ең осал тұсы бұғаздың тар қолтығы еді. Алайда, ол жерге мықты қорғаныс жасалған. Кемелердің жақындауына мүмкіндік бермейді. Атырапты жіті зерттеген сұлтан мен әскери қолбасшылар бетпе-бет келмей айналып өтіп, бүйірінен шабуылдамақ болады. Бірақ бұл үшін кемелерді құрлықпен тасымалдау қажет. Бұл бұрын-соңды қолданылмаған әскери әдіс болатын. Жаудың ешбір күдігін тудырмау үшін шайқас әдеттегідей жүріп жатады. Түн ішінде зәйтүн майымен майланған ағаш бөренелер үстімен дөңгелете отырып 70 кемелі тасымалдап өтеді. Күн қылау берген шақта қаланың қабырғасына оқ жетпей жерде жетпіс кеме шайқасқа дайын тұрады. Бұл да «дөңгелек» ұғымының іс жүзінде қалай пайдаға асқанына айғақ бола алады.

Алғашқы көлік доңғалақтары бес мың жылдан астам уақыт бұрын Месопотамияда пайда болды және жалпы шеңбер нүктесіне мықтап бекітілген бөренелер кесілген. Бұл

қарапайым дизайн біздің ата-бабаларымызға шамамен бір жарым мың жыл бойы келесі серпіліс болғанға дейін және ағаш ілмектері бар дөңгелекті ойлап тапқанға дейін қызмет етті. Бұл дөңгелек жеңілдік болды және материалды үнемдеуге мүмкіндік берді. Соғыс күймелерінің доңғалақтарының беріктігін арттыру үшін кейбір халықтар қазіргі көлік дөңгелектері сияқты металл шеңберді қолдана бастады.

Дөңгелектің даму тарихы тұтастай алғанда адамзаттың технологиялық даму тарихын аша көрсетеді. Техникалық тамаша жетістіктер толқыны бір орында тұрмайды, жыл сайын жаңа материалдар мен технологиялар ашылады. Мүмкін жақын арада тағы бір серпіліс болып, көлік дөңгелегі қайтадан өзгереді.

Адамға қозғалу үшін дөңгелек керек, елестетіп көріңізші, егер дөңгелектер болмаса, көліктер де, арбалар да болмас еді, сонда адам барлық салмақты өзі көтеріп, үнемі жаяу жүруі қажет болады. Дөңгелекті ойлап табу – адамзат тарихындағы ең үлкен жаңалықтардың бірі.

Себебі, заман технологиясы қанша дамыған сайын дөңгелектің өзектілігі де артуға. Мысалы, толығымен темір сауытпен қапталған танкі болсын, алыс жерлерге ұшатын ұшақтар болсын, т.б. әртүрлі салаларда өзекті.

Ал сіз қалай ойлайсыз? Келешекте дөңгелек қолданыстан шығып қалады ма әлде әркез қолданыста болып, дами түсе ме?

Қазыбек ШАХАНОВ,
Т-24-1м оқу тобының магистранты

ҚАЗІРГІ ҒЫЛЫМДАҒЫ СИҚЫР: БИОИНЖЕНЕРИЯНЫҢ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1. ДНҚ зерттеуі:

Биоинженерия ғылым ретінде ДНҚ зерттеулеріне негізделген. ДНҚ-ны 1868 жылы швейцар физиологы, гистологы және биологы Иоган Фридрих Мишер атты ғалым ашқан. Іріңдеген жасушалар қалдықтарынан ғалым құрамына азот пен фосфор кіретін бейтаныс затты тауып алады. Алғашында бұл жаңа зат нуклеин деген атқа ие болады. Кейіннен Мишер бұл заттың қышқылдық қасиет көрсететінін байқайды. Осыдан кейін бұл жаңа затты нуклеин қышқылы деп атайтын болған. Алғашында, бұл бейтаныс заттың биологиялық қызметі белгісіз болды, көп уақытқа дейін ДНҚ аздағары фосфордың қоймасы болып есептелінді. Оған қоса, XX ғасырдың басында ғалымдар ДНҚ-ның ақпаратты тасымалдай алмайтындығын айтқан, себебі олар ДНҚ-ның ақпаратты тасымалдау үшін құрылысы біртүрлі деп есептеді. 1953 жылы Джеймс Уотсон мен Фрэнсис Крик биологиядағы маңызды кезең болған ДНҚ құрылымын сәтті жариялады. Бұл жаңалық биоинженерияның кейінгі дамуының негізін қалап, ғалымдарға тірі организмдерде болатын молекулалық процестерді жақсырақ түсінуге мүмкіндік берді.

2. Биоинженерия қандай қажеттілікпен пайда болды:

Биоинженерияның пайда болуы ауруға, азық-түлік қауіпсіздігіне және қоршаған ортаға байланысты күрделі мәселелерді шешу қажеттілігінен туындады. Мысалға шегірткелердің қаптауы азық-түлік мәселесінде үлкен проблемалардың пайда болуына әсер етті. Ғалымдар мен инженерлер жаңа емдеу әдістерін әзірлеу, ауыл шаруашылығы өнімділігін артты-

ру және тұрақты экожүйелерді құру үшін биоинженерлік принциптерді қолдана бастады.

3. Биоинженерияға дейінгі және кейінгі әлем:

Биоинженерияға дейін адамдарға басқа мемлекеттен, алыс жерлерден керекті азық-түліктер табу қиын болды. Олар келіп жетем дегенше бұзылатын және де аштықтан өмір озып жатқандары да біраз еді. Биоинженерия арқасында астың сақтау мерзімі күрт өзгерді. Әр адам өз қалаған затын таба алатын болды. Үшінші әлемнің мемлекеттеріне көмектесу тиімділігі артты. Шегірткелердің қаптауын тоқтатуға бірнеше жәндік түрлері шығарылды. Олар трихограмма, габробракон деп аталды және олар 100-ден астам зиянкестердің түрлерін жоя алатын әлеуетке ие болды. Бұл үдеріс қалай болады десеңіз оларда зиянкестерді сезетін мүшелер бар, солар арқылы олар зиянкестерді дернәсіл кезеңінде жояды.

4. Алғашқы ГМО-ның пайда болуы:
ГМО тарихы салыстырмалы түрде көп уақытты құрамайды. Генетикалық түрлендірілген алғашқы өнімді 1972 жылы Стэнфорд университетінің ғалымы Пол Берг алған. 1973 жылы бірінші генетикалық түрлендірілген микроорганизм пайда болды.

2017 жылы Канада билігі супермаркеттерде американдық AquaBounty компаниясы әзірлеген ГМО ақсерке балығын сатуға рұқсат берді. Ақсеркенің ерекшелігі – өте тез өседі, бұл өнеркәсіптік ауқымда маңызды. Осылайша, балық 18 ай ішінде жетіледі. Ал табиғи түрлері 5 жылда ересек жасқа жетеді.

5. «Фастфуд» тарихы:
«Фастфуд» атауы ағылшын тіліндегі

«Fast food» деген сөзден шыққан. Бүгінде көптеген адамдар бұл тұжырымдаманы «жолда тамақтану» үдерісімен байланыстырады. Фастфуд қазіргі әлемде диетаның ажырамас элементіне айналды, бірақ ежелгі уақытта да ол үлкен танымалдылыққа ие болған. Ежелгі гректер өз тағамдарын дайындауды жөн көрсе, Ежелгі Рим тұрғындары көбінесе бұл үрдістен толығымен бас тартты. Асханасы жоқ үйлер болды, олар тек патрициерлердің үйлері ғана емес, сонымен қатар қарапайым қала тұрғындарының үйлері болды. Әр қалада дайын тағамның барлық түрін сағатын көптеген базарлар мен асханалар болды.

Зәйтүн майы жағылған ашытқы нандары өте танымал болды. Көптеген ғасырлар өткен соң, дәл сол нан пісірілген көкөністермен, ет пен ірімшікпен жабылған нандар итальяндық пицца деп атала бастады. Римдіктерде гамбургерлер де болды – нанмен бірге жейтін қуырылған сиыр еттері. Профессор Фернандес-Арместо «Тағам тарихы» кітабында орташа ежелгі римдіктердің қазіргі Нью-Йорктіктерге қарағанда жылдам тағамды көбірек тұтынатынын айтады. Тек осы тағам заманауи аналогтарына қарағанда табиғи және пайдалы болды.

6. «Фастфуд» мәдениетінің пайда болуы:
Қазіргі Фастфуд мәдениеті 1912 жылы Америкада «Horn & Hardart» кофе сағатын компаниялардан басталған. Ал барлығымыз білетін McDonald's 1940 жылы ашылды және қазір олардың 40000 астам ресторандары бар. Бұл тағамдар АҚШ-тың мәдениетіне айналып кетті және бұл тамақтар олардың асханасына енді.

Абдулазиз ХАКИМ,
Б-23-1 оқу тобының студенті

Мақсатты капитал қорлары туралы заң: Университеттерді қолдаудың жаңа механизмі

Мақсатты капитал қорлары туралы заң: Университеттерді қолдаудың жаңа механизмі Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, эндаумент қорлары жетекші университеттерді қолдауда маңызды рөл атқарады. Мысалы, АҚШ-тағы Гарвард университетінің әлемдегі ең ірі эндаумент қоры бар, ол жыл сайын миллиардтаған долларды білім сапасын жақсартуға, ғылыми зерттеулерді дамытуға және студенттерді қолдауға жұмсайды. Бұл тәжірибе еліміздің жоғары оқу орындарында тұрақты қаржы жүйесін құруға шабыттандырады.

Ұлыбританияда Оксфорд пен Кембридж университеттері де мақсатты капитал қорларын зерттеулер мен студенттік бағдарламаларды қаржыландыру үшін белсенді пайдаланып келеді. Бұл қорлар университеттерге жоғары деңгейдегі орындарын сақтауға ғана емес, сонымен қатар ғылыми прогресс пен инновация орталығына айналуға мүмкіндік береді.

2024 жылы ҚР Парламенті Мәжілісі эндаумент қорларын құру, толықтыру, тарату және олардың инвестициялық табысын пайдалану мәселелерін реттейтін заңды қабылдады. Мұндай заңның қабылдануы отандық жоғары оқу орындары үшін тұрақты даму жолдарын ашады. Бұл заң университеттерге ұзақ мерзімді қаржылық қолдауға не болуға мүмкіндік береді, бұл әлемнің

жетекші оқу орындары тарапынан көптен бері қолданылып келе жатқан тәжірибе.

Енді осы заңның Қазақстан университеттері үшін әкелетін артықшылықтары мен оң аспектілерін қарастырайық:

Қаржылық тұрақтылық пен тәуелсіздік – эндаумент қорлары университеттер үшін мемлекеттік бюджетке немесе экономиканың қысқа мерзімді өзгерістеріне тәуелді емес ұзақ мерзімді қаржы көзін қалыптастырады. Бұл Қазақстанның жоғары оқу орындарына болашақты сенімді түрде жоспарлауға және сапалы білімге, зерттеулерге және инфрақұрылымды дамытуға инвестиция салуға мүмкіндік береді.

Ғылыми зерттеулер мен инновацияларды қолдау – эндаумент қорлары арқылы университеттер заманауи ғылыми зерттеулерді, инновациялық жобаларды және ғылыми зертханаларды қаржыландыра алады. Бұл қазақстандық жоғары оқу орындарына ғылыми салада көшбасшы болуға, сондай-ақ әлемнің түкпір-түкпірінен үздік ғалымдар мен зерттеушілерді тартуға жағдай жасайды.

Білім сапасын арттыру – қор қаражаты жаңа білім беру бағдарламаларын, гранттар мен студенттік шәкіртақыларды құруға бағытталады. Бұл дарынды жастарды тартуға, олардың кәсіби дамуын қолдауға және жаңа мүмкіндіктерді дамытуға көмектеседі.

Инвесторлар мен демеушілерді тарту – Заң

жобасы жеке инвесторлар мен демеушілерді білім мен ғылымды дамытуға қаражат салуға ынталандырады. Бұл жоғары оқу орындарына бизнес серіктестіктерін құруға, әлеуметтік және инновациялық жобаларды қаржыландыруға және университеттер айналасында тұрақты экожүйе қалыптастыруға көмектеседі.

Бәсекеге қабілеттілікті арттыру – эндаумент қорларын құру және басқару қазақстандық жоғары оқу орындарына халықаралық аренада беделін арттыруға және әлемнің әртүрлі өңірлерінен талантты студенттерді, ғалымдарды және инвесторларды тартуға көмектеседі. Бұл университеттерімізге әлемдік білім беру көшбасшылары қатарында лайықты орын алуға мүмкіндік береді.

Мақсатты капитал қорлары туралы жаңа заң – бұл Қазақстан университеттерінің дамуына арналған тиімді механизм. Ол қаржылық тұрақтылықты, ғылым мен білімді қолдауды және халықаралық тәжірибелерді енгізуді қамтамасыз етеді. Бұл елдің жоғары оқу орындарының ұзақ мерзімді табысы мен әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін маңызды қадам.

Маржан БАЗАРХАНОВА,
«Korkyt ata endowment» корпоративтік қорының директоры

ШЫРАҒЫ ЖАРЫҚ ІЗДЕНІМПАЗ СТУДЕНТ

Қарапайым қаланың тумасы бола тұра, үлкен арман мен асқақ мақсаттарға ұмтылған адамдар болады. Олар өздерінің еңбекқорлығымен, табандылығымен көзге түседі. Солардың бірі – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенті Нұрайым Жасұланқызы. Ол білім мен белсенділіктің үйлесімін тапқан, өз ортасында ерекшеленіп жүрген жан.

Нұрайымның өмір жолы кішкентай кезінен-ақ ізденімпаздық пен жауапкершілікке толы болған. Байқоңыр қаласының киелі топырағында дүниеге келіп, бала күнінен білімге құштар, өнерге жақын, белсенді оқушы ретінде көзге түскен. Мектеп қабырғасында республикалық байқауларда мәнерлеп оқу мен би өнері бойынша жеңімпаз атанып, түрлі марапаттарға ие болған. Сол кезден-ақ оның тек жетістікке ұмтылатын, әр ісіне шынайы берілетін мінезі байқалған еді.

Қазіргі таңда Нұрайым – университет қабырғасында тек үздік студент емес, сонымен бірге жастар арасында үлгі болатын белсенді азамат. Ол білімін шындаумен қатар, қоғамдық іс-шараларға белсене қатысады, университеттің абыройын асқақтатуға атсалысады. Оның есімі ғылыми мақалаларымен де белгілі. Қоғамдағы өзекті мәселелерді қағаз бетіне түсіріп, түрлі газеттер мен журналдарда жариялаған еңбектері оқырмандардың жүрегінен орын алып жүр.



Нұрайымның табандылығы мен ізденімпаздығы оны көптеген жетістікке жеткізді. Ол – ҚР Президенттік шәкіртақысының үш мәрте иегері, “Qadam” жастар сыйлығының “Жігерлі жас” номинациясын жеңіп алған жас талант. Сонымен қатар, “Жылдың үздік волонтері” және

“Жастар саясатына қосқан үлесі үшін” төсбелгілерінің иегері. Бұл марапаттар оның тек жеке табысының ғана емес, қоғамға пайдалы болуға деген ұмтылысының жемісі.

Нұрайымның ерекшелігі – тек өзі жетістікке жетіп қана қоймай, өзгелерге қолдау көрсетуді де ұмытпауы. Ол аз қамтылған отбасы балаларына ҰБТ-ға тегін дайындық жүргізеді. Оның бұл еңбегі нағыз жанашыр ұстазға тән қасиет екенінің айғағы. Жастарға көмек беруді өзінің азаматтық борышы деп түсінетін Нұрайым – нағыз ұлтжанды студенттің үлгісі.

Нұрайымның өмір жолына қарап, оның нағыз шамшырақ іспеттес екенін көруге болады. Ол білімге деген құштарлығы мен қоғамға пайдасын тигізсем деген ниеті арқылы тек өзі үшін ғана емес, өз ортасы мен болашақ үшін де еңбектеніп жүр. Мұндай жандардың жолы жарқын, болашағы айқын болары сөзсіз.

Еңбекқорлығы мен табандылығы үшін марапатталған марапаттар – бұл тек бастамасы. Ол алдағы уақытта да ізденіс пен еңбектің арқасында талай шынды бағындырарына сенім мол. Нұрайым Жасұланқызының жетістіктері – оның өзіне ғана емес, айналасындағы жастарға да үлкен мотивация. Әр қадамы өзге замандастарына үлгі болатын мұндай дарынды жастар көбей берсін демекпіз.

<p>Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті тексеріліп, №KZ29VPU00077786 куәлігі берілген.</p> <p>Бас редактор: Қ.Ә.Омаров</p>	<p>АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:</p> <p>Б.С.КӨРІМОВА - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Торағасы-Ректоры М.Ә.БӨРІБАЕВА - Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Ж.Н.БАЗАРТАЙ - әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Г.Д.ЗЕЛБЕАЕВА - Тұлғалар қауымдастығының төрайымы</p>	<p>Жауапты редактор: Азамат Абинолла</p> <p>Техникалық редактор: Асқар Алданышұлы</p>	<p>SYR TULEGI student jastar gazeti 1992-2025 жж. шығарылған газеттің шығарылымы</p> <p>Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен колжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.</p>
--	---	---	---